

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 ақпандағы N 99 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 27 желтоқсан N 1989

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігін Көкшетау қаласына көшіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 ақпандағы N 99 Р980099_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін: тақырыбындағы және мәтініндегі "Экология және табиғи ресурстар" деген сөздер "Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ақмола қаласына көшірілген мемлекеттік органдардың орталық аппараттарының қызметкерлері үшін заңдарда көзделген кепілдіктер мен өтемдер елорданы Астана қаласына көшіруге байланысты басқа жерге (Көкшетау қаласына) жұмысқа ауыстыру кезінде қоныс аударған Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің орталық аппараты қызметкерлеріне де қолданылады деп белгіленсін.

Жоғарыда аталған Министрліктің орталық аппараты қызметкерлеріне

тұрғын үй беру және сатып алу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 22 сәуірдегі N 377-26 және 1998 жылғы 3 тамыздағы N 736-56 қаулыларына сәйкес жүргізілсін".

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тұрғын үй сатып алуға бөлінген қаражаттың көзделген мақсатты пайдаланылуына бақылау орнатсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК